# Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімдерін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларын, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу және қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 80 бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2017 жылғы 6 наурызда № 14875 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 8 ақпандағы № 144 бұйрығымен

? Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы министрінің 08.02.2018 № 144 ( алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 653-бабы 6-тармағының 2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мыналар:

1) Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімдерін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) Импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімдерін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін есепке алу қағидалары осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес;

3) Импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімдерін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін қамтамасыз ету мөлшері осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Акциздік және есепке алу-бақылау таңбаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Кеден одағы елдерінен Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау таңбаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемені, есепті табыс ету, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу қағидаларын және қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 591 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді

мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10108 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 ақпанда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды:

1) Осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың мемлекеттік тіркелгеннен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Қаржы Министрі* *Б. Сұлтанов*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 80 бұйрығына 1-қосымша

## Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімдерін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау , беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) темекі өнімдеріне акциздік маркаларды, алкоголь өнімдеріне (шарап материалдарын, сыра және сыра сусындарын қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын алу,

есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну тәртібін реттейді.

2. Мыналар:

алкоголь өнімін өндіру жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасының аумағына алкоголь өнімін импорттайтын Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары - резиденттері;

борышкердің мүлкін (активтерін) өткізген кезде банкроттық және оңалтушы басқарушылар есепке алу-бақылау маркаларын (бұдан әрі - ЕБМ) алушылар болып табылады.

Мыналар:

Қазақстан Республикасында темекі өнімдерін өндіру және (немесе) импорттау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын дара кәсіпкерлер және заңды тұлғалар;

борышкердің мүлкін (активтерін) өткізген кезде банкроттық және оңалтушы басқарушылар акциздік маркаларды алушылар болып табылады.

3. ЕБМ және акциздік маркаларды облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттері (бұдан әрі - Департамент) береді.

4. ЕБМ және акциздік маркаларды жасап шығаруды, оларды Департаментке жеткізуді және беруді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетімен (бұдан әрі - Комитет) жасасқан шарттарға (келісімшарттарға) сәйкес ұйым (бұдан әрі - жеткізуші) жүзеге асырады.

5. Қазақстан Республикасына алкоголь өнімінің импортын жүзеге асыратын тұлға (бұдан әрі - импорттаушы) ЕБМ алғанға дейін мемлекеттік кірістер органына Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін (бұдан әрі - Міндеттеме), осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынады.

6. Міндеттеме:

ЕБМ, олардың мақсаттарына сәйкес пайдалануды;

Қазақстан Республиканың аумағынан тыс жерлерде алкоголь өніміне жапсыруы үшін импорттаушының ЕБМ әкетуін;

ЕБМ таңбаланған алкоголь өнімдерін әкелу;

импортталған алкоголь өнімдері бойынша жанама салықтарды төлеуді;

Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларды нысаналы пайдалану туралы импорттаушылардың есебін ұсынуды;

бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБТ-ны берген Департаментке қайтаруды қамтиды.

## 2-тарау. Темекі өнімдеріне акциздік маркаларды, алкоголь өніміне (шарап материалдары, сыра мен сыра сусынын қоспағанда) есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну тәртібі

7. ЕБМ және акциз маркаларын алушылар Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің www.kgd.gov.kz сайтында орналасқан ақпараттық жүйе (бұдан әрі – ақпараттық жүйе ) арқылы салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері орналасқан жері және (немесе) тіркеу орны бойынша Департаментке жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей осы Қағидаларға 2 және 3-қосымшаларға (бұдан әрі – 2 және 3-Қосымшалар) сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін немесе импортталатын алкоголь өнімдеріне есепке алу-бақылау маркаларын немесе темекі бұйымдарына акциздік маркаларды дайындауға өтінім (бұдан әрі - өтінім) ұсынады.

8. Департамент ақпараттық жүйе арқылы күнтізбелік 3 (үш) күннен аспайтын мерзімде алдағы жылға алушылар ұсынған өтінімдерді келіседі.

Осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген сыртқы сауда шартының ( келісімшарттың) көшірмесі табыс етілмеген жағдайда Департамент алдағы жылға өтінімді келісуден бас тартады.

9. Комитет жаңа күнтізбелік жыл басталғанға дейін күнтізбелік 25 (жиырма бес) күннен кешіктірмей жеткізушіге Департаменттермен келісілген осы Қағидаларға 4 және 5-қосымшаларға (бұдан әрі – 4 және 5-Қосымшалар) сәйкес нысан бойынша алдағы жылға Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін немесе импортталатын алкоголь өнімдеріне есепке-алу бақылау маркаларын немесе темекі бұйымдарына акциздік маркаларға жиынтық өтінімдерді қағаз тасымалдағышында береді.

10. Жаңадан құрылған немесе алкоголь өнімін немесе темекі өнімдерін өндіру және (немесе) олардың айналымы жөніндегі қызметті бастаған алушылар ақпараттық жүйе арқылы салық салу объектілері және (немесе) салық салуға байланысты объектілері орналасқан жері және (немесе) тіркеу орны бойынша Департаментке 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ЕБМ немесе акциздік маркаларды алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 25 (

жиырма бес) күннен кешіктірмейтін мерзімде әр ай бойынша бөліп өтінімдерді ұсынады.

Алушылар бұрын ұсынылған өтінімдерге ЕБМ немесе акциздік маркалардың түрлері мен саны бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар бар өтінімдерді Департаменттерге 2 және 3-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша ЕБМ немесе акциздік маркаларды алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 25 ( жиырма бес) күннен кешіктірмей ұсынады.

Осы тармақта көрсетілген, алушылар ұсынған өтінімдерді, келіп түскен күннен бастап, күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде Департамент ақпараттық жүйе арқылы келіседі.

Осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген сыртқы сауда шартының ( келісімшарттың) көшірмесі ұсынылмаған жағдайда Департамент өтінімді келісуден бас тартады.

11. Осы Қағидалардың 7 және 10-тармақтарында көрсетілген талаптар сақталмаған кезде Департамент өтінімдерді қабылдамайды.

Алушылар табыс еткен, оның ішінде алдағы жылға арналған өтінімдер келесі күнтізбелік жылға көшірілмейді.

12. Алушылардың өтінімдерінде көрсетілген ЕБМ немесе акциздік маркалар көлемі Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге (импорт) сыртқы сауда шартына қосымшада қарастырылған таңбалануға жататын бөтелке немесе буманың жалпы мөлшерінен аспайды.

13. Алушыларға берілген ЕБМ немесе акциздік маркалар иеліктен алынбайды және басқа жеке және заңды тұлғаларға берілмейді.

14. Комитет ЕБМ немесе акциздік маркаларды алу жүзеге асырылатын айдың 1-не дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жеткізушіге 4 және 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша Департаментпен келісілген, бұрын ұсынылған өтінімдерге ЕБМ немесе акциздік маркалардың түрлері мен саны бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар бар жиынтық өтінімдерді, сондай-ақ жаңадан құрылған немесе алкоголь өнімін немесе темекі өнімдерін өндіру және ( немесе) олардың айналымы жөніндегі қызметті бастаған алушылардың жиынтық өтінімдерін жолдайды.

15. Алкоголь өнімін немесе темекі өнімдерін импорттайтын алушылардан өтінімдерді қабылдау, соның негізінде акцизделетін тауарларды әкелу жүзеге асырылатын сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) түпнұсқасын көрсете отырып, сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) көшірмелері ұсынылған кезде жүргізіледі.

16. ЕБМ немесе акциздік маркаларды жасап шығарғаны үшін төлемді алушылар олардың өтініміне сәйкес жеткізушінің банк шотына ақша аудару жолымен ЕБМ немесе акциздік маркаларды алу жүзеге асырылатын айдың 1-і

күніне дейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен кешіктірмейтін мерзімде әр ай бойынша бөлек жүргізеді.

17. Жеткізуші ЕБМ немесе акциздік маркаларды Департамент басшысының бұйрығымен тағайындалатын, Департаменттің материалдық-жауапты тұлғаларына (бұдан әрі - материалдық-жауапты тұлға) береді.

18. ЕБМ немесе акциздік маркаларды беру кезінде жеткізуші екі данада жүкқұжат жазып береді, оған жеткізуші және материалдық-жауапты тұлға қол қояды. Жүкқұжаттың бір данасы Департаментке беріледі, екінші данасы жеткізушіде қалады.

Бұл ретте көрсетілген жүкқұжатта мынадай деректер көрсетіледі:

ЕБМ немесе акциздік маркалар берілген күн;

ЕБМ сериясы, нөмірлер диапазондары және саны немесе акциздік маркалардың түрлері мен саны.

19. Алушылар ЕБМ алу мақсатында Департаментке ақпараттық жүйе арқылы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу-бақылау маркаларына штрих-код жапсыру үшін әрбір алушыға бөлек өтініш ұсынады.

20. Импорттаушы ЕБМ-ға штрих-код салуға арналған өтініштен басқа қосымша, Департаментке қағаз тасымалдағышында және (немесе) ақпараттық жүйе арқылы Міндеттеме, сондай-ақ импорттаушы:

Міндеттемені орындауды қамтамасыз ету үшін тиісті Департаменттің шотына ақша салғандығын растайтын, төлем құжатын;

банктік кепілдікті;

кепілгерлік шартын;

мүлік кепіл шартын таңдауы бойынша Міндеттемені төлеуді қамтамасыз ету тәсілдерін ескере отырып Міндеттеме ұсынады.

21. Алушыларға ЕБМ беруді Департаментте материалдық-жауапты тұлғасы ЕБМ-ға тиісті штрих-код жапсырылғаннан кейін және ЕБМ-ға штрих-код жапсыру үшін өтінішке ЕБМ нөмірлерінің диапазондарын таңу жүзеге асырылғаннан кейін ЕБМ-ға штрих-код жапсыру үшін өтініш ақпараттық жүйе арқылы келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

Алушыларға акциздік маркаларды беруді Департаментте материалдық жауапты тұлға акциздік маркаларды алуға өтініші ақпараттық жүйе арқылы және қағаз түрінде келіп түскен күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жүргізеді.

22. ЕБМ немесе акциздік маркаларды алу үшін алушылар Департаментке мынадай құжаттарды табыс етеді:

осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қағаз тасмалдағышында және ақпараттық жүйе арқылы есепке алу-бақылау маркаларын немесе акциздік маркаларды алуға арналған өтініш;

алушы қызметкерінің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын көрсете отырып, алушы ЕБМ немесе акциздік маркаларды алуға уәкілетті қызметкерінің атына берген алушының мөрімен куәландырылған сенімхаты;

ЕБМ немесе акциздік маркалар үшін төлемді растайтын төлем құжаты.

Материалдық-жауапты тұлға, алушылар акциздердің төленгенін растайтын төлем құжатын (құжаттарын) көрсеткен кезде, төлем құжаттарында көрсетілген төленген сомаларды Департаментте бар деректермен салыстырады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар толық ұсынылмаған кезде, сондай-ақ акциздердің сомасы толық төленбеген кезде (өндірілетін темекі өнімдеріне акциздерді төлеуді қоспағанда) ЕБМ немесе акциздік маркалар берілмейді.

23. Алушыларға Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден импортталған алкоголь өніміне ЕБМ немесе темекі өнімдеріне акциздік маркаларды беру кезінде материалдық-жауапты тұлға екі данада жүкқұжат жазып береді, оған екі тарап қол қояды. Жүкқұжаттың бір данасы алушыға беріледі, екінші данасы Департаментте қалады.

Көрсетілген жүкқұжатта мынадай деректер көрсетіледі:

ЕБМ немесе акциздік маркалардың берілген күні;

алушының атауы;

ЕБМ немесе акциздік маркаларды алуға уәкілеттік берілген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

ЕБМ сериясы, нөмірлер диапазондары және саны немесе акциздік маркалардың түрлері мен саны;

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан алкоголь өнімі әкелінген жағдайда сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) нөмірі және күні.

24. Осы Қағидалардың 21 және 22-тармағында көрсетілген құжаттар Департаментте қалады.

25. Алушыларға Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумақтарынан импортталған алкоголь өніміне ЕБТ немесе темекі өнімдеріне акциздік таңбаларды беру кезінде материалдық-жауапты тұлға үш данада жүкқұжат жазып береді. Бірінші және екінші даналары алушыларға беріледі (екінші данасы - тауарға арналған декларацияны ұсыну кезінде уәкілетті органға табыс ету үшін), үшінші данасы Департаментте қалады.

Аталған жүкқұжатта мынадай деректер көрсетіледі:

ЕБМ немесе акциздік маркалардың берілген күні;

алушының атауы;

ЕБМ немесе акциздік маркаларды алуға уәкілеттік берілген тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда);

сыртқы сауда шартының (келісімшарттың) нөмірі мен күні;

ЕБМ сериясы, нөмірлер диапазондары және саны немесе акциздік маркалардың түрлері мен саны.

26. Алушыларға ЕБМ немесе акциздік маркаларды беру ЕБМ немесе акциздік маркаларды жасап шығаруға өтінімдерде көрсетілген санға сәйкес жүргізіледі.

27. Импорттаушы 6 (алты) айдан кешіктірмей алкоголь өнімінің іс жүзінде импортын аяқтаған кезде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы импорттаушының есебін ( бұдан әрі - Есеп) мынадай құжаттарды қоса табыс етеді:

1) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден импортталатын тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы өтініш 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша "Салық есептілігі нысандарын және оларды жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 25 желтоқсандағы № 587 бұйрығымен бекітілген, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10156 болып тіркелген;

2) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше болып табылмайтын мемлекеттердің аумағынан импортталатын тауарға арналған декларация;

3) импортталған тауарлар бойынша жанама салықтардың іс жүзінде төленгенін растайтын банктің көшірме жазбасы және (немесе) импортталған тауарлар бойынша жанама салықтарды төлеу жөніндегі салық міндеттемесінің орындалғанын растайтын, "Төлемдер және төлем жүйелері туралы" Қазақстан Республикасының заңында көзделген өзге төлем құжаты;

4) сыртқы экономикалық мәміленің жасалғанын растайтын құжаттар болмаған кезде, шот-фактуралар (инвойстар);

5) қолданылған көлік түріне байланысты көліктік (тасымалдау) құжаты.

Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген негіздемелер бойынша алушыда мөрі болмаған жағдайды қоспағанда, алушылардың басшысы мен бас бухгалтерінің (ол болған жағдайда) не алушылардың шешімі бойынша оған уәкілеттік берілген өзге де адамдардың қолдарымен, сондай-ақ алушының мөрімен куәландырылған (ол болған жағдайда), осы тармақта көрсетілген құжаттардың көшірмелері табыс етіледі.

28. Департамент 3 (үш) жұмыс күні ішінде Есепті растайды немесе себебін көрсете отырып, растаудан бас тартады.

29. Департаменттің Есепті растауы белгі қою арқылы жүзеге асырылады және :

белгі қойған лауазымды адамының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда), белгі қойған күні көрсетіле отырып, оның қолымен;

Департамент басшысының (басшы орынбасарының) тегі, аты, әкесінің аты ( ол болған жағдайда), қол қойған күні көрсетіле отырып, оның қолымен;

Департаменттің атауы көрсетілген Департамент мөрімен куәландырылады.

30. Импорттаушы, не оның өкілі осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы импорттаушылардың есебін тіркеуді есепке алу журналына қол қойып, Есептің тиісті данасын алады, ол тігіледі, нөмірленеді, Департаменттің басшысы қол қояды және мөрмен куәландырылады. Растау туралы белгі қойылған Есептің бір данасы Департаментте қалады, екінші данасы алушыға не оның өкіліне ұсынылады ( жіберіледі).

## 3- тарау. ЕБМ мен акциздік маркаларды есепке алу және сақтау

31. ЕБМ немесе акциздік маркалардың қозғалысын есепке алуды материалдық-жауапты тұлға осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеткізушіден есепке алу-бақылау маркаларын немесе акциздік маркаларды алуды есепке алу журналында, осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алушыларға есепке алу-бақылау маркаларды беруді есепке алу журналында және 12-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша алушыларға акциздік маркаларды беруді есепке алу журналында жүргізеді, олар тігіледі, нөмірленеді, Департаменттің басшысы қол қояды және мөрмен куәландырылады.

32. Әрбір тоқсанның 1-і күні және материалдық-жауапты тұлға ауысқан кезде Департаментте бар ЕБМ немесе акциздік маркалардың нақты санын бақылауды ( бұдан әрі - тізімдеме) Департамент басшысының бұйрығымен жыл сайын 10 қаңтардан кешіктірілмей, материалдық-жауапты тұлғаны қоспағанда, Департаменттің кемінде үш қызметкерден құрылған түгендеу комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) жүзеге асырады.

33. Тізімдеме екі данада жасалады және түгендеу комиссиясының мүшелері, сондай-ақ материалдық-жауапты тұлға қол қояды.

34. ЕБМ немесе акциздік маркаларға есептілік "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының заңына сәйкес жүргізіледі.

35. Алушылар осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен ЕБМ немесе акциздік маркаларды олар пайдаланылғанға дейін, сондай-ақ бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБМ және акциздік маркаларды олар жойылғанға дейін сақталуын қамтамасыз етеді.

36. Алушының бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған ЕБМ немесе акциздік маркаларды қайтаруы қайтару себептерін көрсете отырып және ол бойынша ЕБМ немесе акциздік маркалар алынған жүкқұжатты көрсете отырып ЕБМ немесе акциздік маркаларды қайтару туралы өтініш негізінде Департаментте жүргізіледі.

37. ЕБМ мен акциздік маркаларды қайтару кезінде 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу-бақылау маркаларын немесе акциздік маркаларды қабылдап алу-беру актісі (бұдан әрі - қабылдау-беру актісі) екі данада жасалады, қайтарылған ЕБМ нөмерлері мен сериясы немесе акциз маркалардың түрі мен саны көрсетіледі, комиссия және материалдық-жауапты тұлға қол қояды. Қабылдау-беру актісінің бір данасы алушыға беріледі.

38. ЕБМ немесе акциздік маркаларды жоюды комиссия, материалдық-жауапты тұлға алушылардың қатысуымен, тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 20-сынан кешіктірмей жүргізеді.

39. ЕБМ немесе акциздік маркаларды іс жүзінде жою туралы жойылған ЕБМ сериялары, нөмірлері мен саны немесе акциздік маркалардың түрлері мен саны көрсетілетін екі данада осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есепке алу-бақылау маркаларды немесе акциздік маркаларды жою актісі (бұдан әрі – жою актісі) жасалады. Жою актісінің бір данасы алушыға беріледі.

Жою актісінің әрбір данасына комиссия мүшелері, материалдық-жауапты тұлға және алушы қол қояды және Департамент пен алушының мөрімен (ол болған жағдайда) куәландырылады.

ЕБМ немесе акциздік маркаларды жою фактісі Департаменттің ақпараттық жүйелерінде тіркеледі.

40. Жеткізуші Департаменттер бөлігінде қағаз тасымалдағышында осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес берілген облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша мемлекеттік кірістер департаменттері қимасында берілген есепке алу-бақылау маркалары мен акциздік маркалар туралы ай сайынғы есепті жасайды, оған жеткізушінің бірінші басшысы мен бас бухгалтері (ол болған жағдайда) қол қояды және есептіден кейінгі айдың 15-нен кешіктірмей Комитетке жолданады.

41. Алушылар ай сайын Департаментке осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша алынған алушылар алған есепке алу-бақылау маркаларын немесе акциздік маркаларды пайдалану туралы есептерді табыс етеді.

42. ЕБМ немесе акциздік маркаларды Департаментте сақтау ЕБМ немесе акциздік маркаларды сақтауға, беруге және ЕБМ-на штрих-код жапсыруға арналған жұмыс аймақтары бар, өртке қарсы және күзет дабылы бар үй-жайларда жүзеге асырылады.

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
1-қосымша

Нысан

____________________________________
(мемлекеттік кірістер органының атауы)
____________________________________
(мемлекеттік кірістер органы басшысының Т.А.Ә.(ол болған жағдайда))
Тіркеу № ______ __________ ________ж.
(мемлекеттік кірістер органы толтырады)

**Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесі**

____________________________________________________________________
(импорттаушының атауы, БСН,
____________________________________________________________________
заңды мекенжайы, банк деректемелері)

"Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларын, сондай-ақ осындай міндеттемені есепке алу тәртібі мен қамтамасыз ету мөлшерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 6 ақпандағы № 80 бұйрығына сәйкес есепке алу-бақылау маркаларын, оларды

мақсаттарына пайдалануға, міндеттемені қамтамасыз етуді жүзеге асыруға, өндірушінің алкоголь өніміне жапсыруы үшін есепке алу-бақылау маркаларын әкетуді жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасының аумағына есепке алу-бақылау маркаларымен таңбаланған алкоголь өнімін әкелуді және оны межелі жеріне жеткізуді жүзеге асыруға, бүлінген және (немесе) пайдаланылмаған есепке алу-бақылау маркаларын берген мемлекеттік кірістер органына қайтаруға, импортталған алкоголь өнімі бойынша жанама салықтарды төлеуге, мемлекеттік кірістер органына, белгіленген мерзімде импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы есебін ұсынуға міндеттенеді. Жоғарыда көрсетілген әрекеттер орындалмаған жағдайда, осы Міндеттемені орындауды қамтамасыз ету сомасы болып табылатын ақшаны, мемлекеттік кірістер органы міндеттемелерін қамтамасыз ету сомасы мемлекеттік бюджет кірісіне аударылады.

"____" ________________ ж.

Басшы ____________________________________________________________

(Т.А.Ә., (ол болған жағдайда)қолы)

Бас бухгалтер ______________________________________________________________

(ол болған жағдайда) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), қолы)

М.О. (ол болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы

міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
2-қосымша

Нысан

______________________________________

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

______________________________________

(мемлекеттік кірістер органы басшысының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

______________________________________

алушының атауы, ЖСН/БСН

**Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өнімдеріне есепке алу-**
**бақылау маркаларын немесе темекі бұйымдарын акциздік маркаларды дайындауға**
**өтінім**

өтінімнің түрі:

- алдағы жылға, жаңадан құрылғандар немесе қызметін бастағандар үшін
- қосымша

*мың дана*

| қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жылына барлығы | Ескертпе Қазақстан Республика аумағынд өндірілетін бұйымдары парақтық" "қиылған" акциздік таңбалард түрін көр керек) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |

Басшы ______________________________ ____________________
(Т.А.Ә. ол болған жағдайда) (қолы)

Бас бухгалтер ______________________________ ____________________
(ол болған жағдайда) (Т.А.Ә. ол болған жағдайда) (қолы)

М.О. (ол болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
3-қосымша

Нысан

____________________________________

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

____________________________________

(мемлекеттік кірістер органы басшысының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

_____________________________________

алушының атауы, ЖСН/БСН

## Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімдеріне есепке алу-бақылау маркаларын немесе темекі бұйымдарына акциздік маркалар дайындауға өтінім

өтінімнің түрі:

- алдағы жылға, жаңадан құрылғандар немесе қызметін бастағандар үшін
- қосымша

*мың дана*

| қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қараша | желтоқсан | жылына барлығы | Ескертпе Қазақстан Республика аумағынд өндірілетін бұйымдары парақтық" "қиылған" акциздік таңбалард түрін көр керек) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 14 |

Басшы ________________________________ ______________________

_

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) (қолы)

Бас бухгалтер ________________________________ ______________________

(ол болған жағдайда) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) (қолы)

М.О. (ол болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
4-қосымша

Нысан

## Қазақстан Республикасының аумағында өндірілетін алкоголь өнімдеріне есепке алу-бақылау маркаларын немесе темекі бұйымдарына акциздік маркаларды дайындауға жиынтық өтінім

өтінімнің түрі:

- алдағы жылға, жаңадан құрылғандар немесе қызметін бастағандар үшін
- қосымша

*мың дана*

| Алушының атауы | Алушының ЖСН/БСН | Таңбалардың түрі (есепке алу-бақылау немесе акциздік таңбалар) | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Департаментінің атауы | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 1 |

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

Мемлекеттік кірістер комитетінің

жауапты орындаушысы ______________________________________________

—

(Т.А.Ә., (ол болған жағдайда) телефон нөмірі)

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
5-қосымша

Нысан

## Қазақстан Республикасының аумағына импортталатын алкоголь өнімдеріне есепке алу-бақылау маркаларын немесе темекі бұйымдарына акциздік маркаларды дайындауға жиынтық өтінім

өтінімнің түрі:

- алдағы жылға, жаңадан құрылғандар немесе қызметін бастағандар үшін
- қосымша

*мың дана*

| ? Алушының атауы | Алушының ЖСН/БСН | Таңбалардың түрі (есепке алу-бақылау немесе акциздік таңбалар) | қаңтар | ақпан | наурыз | сәуір | мамыр | маусым | шілде | тамыз | қыркүйек | қазан | қ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Департаментінің атауы | | | | | | | | | | | | | |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 | 11 | 12 | 13 | 1 |

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
Мемлекеттік кірістер комитетінің
жауапты орындаушысы ______________________________________________

—

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда), телефон нөмірі)

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
6-қосымша

Нысан

_______________________________________

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

_______________________________________

(мемлекеттік кірістер органы басшысының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

_______________________________________

алушының атауы, ЖСН/БСН

## Есепке алу-бақылау маркаларына штрих-код жапсыру үшін өтініш

**өтінім түрі:**

- **таңбалау**
- **қайта таңбалау**

______________________________________________________________________________________

(алушының түрі: өндіруші, үшінші елдерден импорттаушы, Еуразиялық экономикалық
одаққа мүше мемлекеттердің аумақтарынан импорттаушы, алушының атауы, ЖСН/БСН, мекенжайы)

______________________________________________________________________________________

(сатып алушының атауы, ЖСН/БСН)

__________________________________________________________________ дана санында есепке
(жазбаша)
алу-бақылау маркаларына штрих-код жапсыруды сұрайды.

Есепке алу-бақылау маркаларының көрсетілген саны мына тауарларды шығару үшін қажет:

Алкоголь өнімінің ДСН-коды (болған кезде):

___________________________________________________________
_____________

(мыналарды көрсету қажет: өндірушілер үшін - құю күні, сәйкестік сертификаты;

импорттаушылар үшін - шарттың (келісімшарттың) нөмірі, шыққан елі, сәйкестік сертификаты)

Алкоголь өніміне ДСН-коды болмаған кезде:

___________________________________________________________
_____________

(алкоголь өнімінің атауы, түрі, сыйымдылығы мен күштілігі)

өнім бірлігінің бағасы: _________________________________________
_________ теңге

Есепке алу-бақылау маркаларын сатып алуға ақша ____________________
______________

(сомасы жазбаша)

Сомасында 20__ жылғы "__" __ № _________ төлем құжатымен ________ банк шотына енгізілді

акцизді төлеу үшін ақша _________________________________________
_____________

(сомасы жазбаша)

сомасында 20 ___ жылғы "____" ____ ________ төлем құжатымен _______ банк шотына енгізілді

Басшы ___________________________ _________________
_

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) (қолы)

Бас бухгалтер ___________________________ _______________
____

(ол болған жағдайда) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) (қолы)

М.О. (ол болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
7-қосымша

Нысан

____________________________________

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

____________________________________

(мемлекеттік кірістер органы басшысының
Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

____________________________________

алушының атауы, ЖСН/БСН

**Есепке алу-бақылау маркаларын немесе акциздік маркаларды алуға өтініш**

___________________________________________________________________
___________

(алушының атауы, ЖСН/БСН, мекенжайы)

"________" ________________________________________________________
дана санында

(жазбаша)

есепке алу-бақылау маркаларын немесе акциздік маркаларды беруді сұрайды.

есепке алу-бақылау немесе акциздік маркаларын сатып алуға ақша

__________________________________________________________________
сомасында

(сомасы жазбаша)

20_____ жылғы "____" ___________ № ___________________ төлем құжатымен

___________________________________________________________ банк шотына енгізілді

акциз ______________________________________________________________
_ сомасында

(сомасы жазбаша)

20_____ жылғы "____" _____________ № _________________ төлем құжатымен

____________________________________________________ _______ банк шотына енгізілді.

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және

Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау

маркаларын нысаналы пайдалану туралы импорттаушылардың міндеттемесін, есебін ұсыну

қағидаларымен таныстым.

Басшы ______________________________ _____________________
_

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) (қолы)

Бас бухгалтер ______________________________ _________________
____

(ол болған жағдайда) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) (қолы)

М.О. (ол болған жағдайда)

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
8-қосымша

Нысан

____________________________________

(мемлекеттік кірістер органының атауы)

__________________________________________________

(мемлекеттік кірістер органы басшысының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда))

__________________________________________________

алушының атауы, ЖСН/БСН

**Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау**
**маркаларын нысаналы пайдалану туралы импорттаушылардың есебі**

_________________________________________________________________
___________

(алкоголь өнімін әкелуді (импортын) жүзеге асыратын алушының атауы, ЖСН/БСН
және орналасқан орны)

Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау
маркаларын нысаналы пайдалану туралы есепті қабылдауды сұрайды

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

| Штрих-код жапсыруға өтініштің нөмірі | Штрих-код жапсыруға өтініштің күні | Есепке алу-бақылау маркаларын алу туралы жүкқұжаттың нөмірі | Есепке алу-бақылау маркаларын алу туралы жүкқұжаттың күні | Алкоголь өнімінің түрі | Есепке алу-бақылау маркаларына алкоголь өнімінің атауы | Алкоголь өнімінің сыйымдылығы | Есепке алу-бақылау маркалары берілді | | Алк үші мар |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | сериясы және нөмірлер диапазоны * | саны ( дана ) | мем кірі орг раст тауа әкел жан салы төл тур өтін |
| | | | | | | | | | № |
| | | | | | | | | | |

Барлығы ________________________________ дана есепке алу-бақылау маркалары берілген,

оның ішінде:

___________ дана таңбалау үшін пайдаланылды;

___________ дана қайтарылды;

___________ дана қалды.

Есепке қосымша ____________________ парақта.

Басшы ______________________________ ____________________ _

(Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) (қолы)

Бас бухгалтер ______________________________ ________________ ____

(ол болған жағдайда) (Т.А.Ә. (ол болған жағдайда)) (қолы)

* Нөмірлер диапазоны - бірінші және соңғы нөмірлерімен кезектілікпен ұсынылған бір сериядағы есепке алу-бақылау маркаларының кезекті нөмірлерінің жиынтығы

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну

қағидаларына
9-қосымша

Нысан

## Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы импорттаушылардың есебін тіркеуді есепке алу журналы

| р/с № | Түскен күні | Алушының ЖСН/БСН | Алушының атауы | Есепті кезең | Қабылданған күні | Расталған күні | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 |
| | | | | | | | |

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
10-қосымша

Нысан

## Жеткізушіден есепке алу-бақылау маркаларын немесе акциздік маркаларды алуды есепке алу журналы

| Жеткізушіден есепке алу-бақылау маркаларын немесе акциздік маркаларды алу күні | Алынған есепке алу-бақылау маркаларының немесе акциздік маркалардың саны (дана) | Жеткізушіге қайтарылған есепке алу-бақылау маркаларының немесе акциздік маркалардың саны (дана) | Жүкқұжаттың нөмірі | Мемлекеттік кірістер органы материалдық-жауапты тұлғасының Т.А.Ә. (ол болған жағдайда) |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| | | | | |

Акциздік және есепке алу-бақылау маркаларын алу, есепке алу, сақтау, беру және импорттаушылардың Қазақстан Республикасына алкоголь өнімін импорттау кезінде есепке алу-бақылау маркаларын нысаналы пайдалану туралы

міндеттемесін, есебін ұсыну қағидаларына
11-қосымша

Нысан

